Көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт

Абай облысы №94

1. **Жалпы ережелер**
1.1. **Бас полистің мәні.** Сақтанушы және Сақтандырушы, бұдан әрі бірге «Тараптар», ал жеке-жеке – жоғарыда көрсетілгендей немесе «Тарап» деп аталып, «Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 1 шілдедегі №446-II Заңына (бұдан әрі – Заң) және Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы қағидаларына (бұдан әрі – «Сақтандыру қағидалары») сәйкес, сондай-ақ мәні көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру болып табылатын «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 39-бабының 3-тармағының 11-тармақшасы негізінде осы Бас полисті (бұдан әрі – «Бас полис») жасады.
1.2. Осы Бас полис бойынша Сақтанушының (Сақтандырылғанның) үшінші тұлғаларға Сақтанушының (Сақтандырылғанның) өзі, не келесі жағдайда зиян келтірудің нәтижесінде туындаған азаматтық-құқықтық жауапкершілігі сақтандырылған болып саналады:
1) көлік құралын оны Сақтанушының (Сақтандырылғанның) көзінше басқаруға құқы бар тұлға басқарған;
2) көлік құралын Сақтанушымен (Сақтандырылғанмен) еңбек немесе өзге де Бас полис жасасқан тұлға басқарған;
3) егер келтірілген зиян үшін жауапкершілік Сақтанушыға (Сақтандырылғанға) жүктелсе, көлік құралын оны заңсыз иемденген тұлға басқарған.
1.3. Сақтандырушы пайдаланылатын көліктің әрбір бірлігіне осы Бас полистің ажырамас бөлігі болып табылатын сақтандыру полисін ресімдейді және оларды Сақтанушыға береді.
1.4. Сақтанушының (Сақтандырылғанның) оларды пайдалану кезіндегі жауапкершілігі осы Бас полис бойынша сақтандырылған көлік құралдарының тізілімі және олар туралы мәліметтер осы Бас полиске №1 қосымшада көрсетілген.
1.5. Осы Бас полисте келесі негізгі ұғымдар пайдаланылады:
1) **сақтандырылғандар** – оларға қатысты сақтандыру жасалған тұлғалар, атап айтқанда осы Бас полистің аясында берілген сақтандыру полисінде көрсетілген, тиісті көлік құралын басқаруға құқы бар тұлғалар;
2) **зардап шеккен тұлға**– ол бойынша зиянды өтеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көлік құрылының иесі ретінде Сақтанушыға (Сақтандырылғанға) жүктелген, көлік құралын пайдаланудың нәтижесінде өміріне, денсаулығына және/немесе мүлігіне зиян келтірілген тұлға;
3) жолаушы – тасымалдаушымен тасымал шартын ауызша немесе жазбаша түрде жасасқан жеке тұлға;
4) көліктік оқиға – нәтижесінде үшінші тұлғаларға зиян келтірілген, көлік құралын пайдалану кезінде және оның қатысуымен, сондай-ақ көлік құралынан бөлініп кеткен бөлшектердің және ондағы жүктің қозғалысынан болған оқиға;
5) **көлік құралын пайдалану –** көлік құралын жолдармен, сондай-ақ оған іргелес жайластырылған немесе бейімдендірілген және көлік құралдарының қозғалысы үшін пайдаланылатын аумақтарда жүру үшін пайдалану;
6) пайда алушы – Заңға сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға.
1.6. Осы Бас полис келесі тұлғаларды қоспағанда, осы Бас полиске сәйкес зардап шеккен тұлға болып танылған, оның ішінде зиян келтіруде кінәлі болып табылатын Сақтанушының (Сақтандырылғанның) көлік құралында болған барлық тұлғаларға қатысты күшінде болады:
- осы көлік құралын Сақтанушымен (Сақтандырылғанмен) қызметтік немесе еңбек қатынастарына байланысты, оның ішінде көлік құралының иесімен еңбек немесе өзге Бас полистің негізінде, не Сақтанушының (Сақтандырылғанның) көзінше, мәмілені жазбаша түрде жасамай, оның өтініші бойынша басқарған тұлғаларға;
- егер Сақтанушы (Сақтандырылған) оған Қазақстан Республикасының тасымалдаушының жолаушылардың алдындағы азаматты-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыруды реттейтін заңнамалық акті қолданылатын тасымалдаушы болса, оның жолаушыларына;
- егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде Сақтанушыға (Сақтандырылғанға) жұмыс беруші ретінде қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезінде оның денсаулығы мен өміріне зиян келтіргені үшін жауапкершілігін сақтандыру міндеті жүктелген болса, Сақтанушының (Сақтандырылғанның) қызметкерлеріне;

2. Сақтандыру жағдайы
2.1. Сақтандыру жағдайы деп Сақтандырылғанның сақтандыру полисінде Бас полисте көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру көрсетілген көлік құралын пайдалануының нәтижесінде зардап шеккен деп танылған тұлғалардың өміріне, денсаулығына және/немесе мүлігіне келтірілген зиянды өтеу бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің туындау факті танылады.
2.2. Сақтандыру жағдайының туындауын, сонымен қатар оларға келтірілген зиян мөлшері дәлелдеу Сақтанушыға (Сақтандырылған) және Пайда алушыға жүктеледі.

3. Тараптардың құқықтары және міндеттері
3.1. Сақтандырушы құқылы:
1) Бас полисті жасасу кезінде Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген мәліметтерден басқа, сақтанушыдан Заңға сәйкес Бас полиске енгізу үшін қажетті мәліметтерді, оның ішінде көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандырудың алдыңғы Бас полистері, сақтандыру жағдайлары және сақтандыру төлемдері туралы ақпаратты ұсынуды талап етуге;
2) Тиісті мемлекеттік органдар мен ұйымдардан олардың құзыретіне қарай сақтандыру жағдайының басталу фактісін және жәбірленушіге келтірілген зиянның мөлшерін растайтын құжаттарды сұратуға;
3) Көлік оқиғасының себептері мен өзге де мән-жайларын анықтауға;
4) Заңның 28-бабында көзделген жағдайларда зиян келтіргені үшін жауапты тұлғаға кері талап қою құқығын беруге;
5) Заңның 26-1-бабында көзделген тәртіппен сақтандыру төлемін жүзеге асырудан, сондай-ақ келтірілген зиянды Заңның 29-бабында көзделген негіздер бойынша толық немесе ішінара өтеуден бас тартуға құқылы.

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

3.2. Сақтандырушы міндетті:
1) Сақтанушыны (Сақтандырылғанды) көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандырудың шарттарымен соның ішінде тараптардың құқықтары мен міндеттемелерімен таныстыруға, оның осы Бас полистен туындайтын құқықтарын және міндеттерін түсіндіруге және Сақтанушының талап етуі бойынша оған қағидаларының көшірмесін ұсыну (жіберу);
2) осы Бас полисті жасасқан соң Сақтанушыға (Сақтандырылғанға) сақтандыру полисін дайындау;
3) Заңның 20 бабының 1 тармағында көрсетілген тұлғаларға сақтандыру сыйлықақысын төлеуден жеңілдіктер беруге;
4) көліктік оқиға туралы хабар алған кезде оны іле-шала тіркеуге;
5) Сақтандыру жағдайы болғанын растайтын құжат бар болған кезде, зардап шеккен тұлғаның немесе зардап шеккен тұлғаның қайтыс болуына байланысты Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес зиянды өтетуге құқығы бар тұлғаның жазбаша өтінішін алған күннен жұмыс күнінің ішінде көліктік оқиғаға кінәлі Сақтанушының сақтандыру полисінің бар екендігі туралы мәліметтерді және міндетті сақтандыру Бас полисін жасасқан көлік құралдары иелерінің жауапкершілігі туралы мәліметтерді жазбаша түрінде (Сақтанушының тегі, аты, бар болса әкесінің аты, (егер бұл жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе) көлік құралын тіркеудің мемлекеттік нөмірі, нөмірі және жасаған күні) сақтанушы көлік оқиғасы болған жағдайда кінәлі болып табылатын сақтандыру құжаты бар болған кезде жазбаша түрде ұсынуға;
6) Сақтанушының (Сақтандырылғанның), не зардап шеккен тұлғаның (пайда алушының) немесе олардың өкілдерінің өтініші бойынша бүлінген (жойылған) мүлікті тәуелсіз сарпашының бағалауын осы Бас полисте белгіленген мерзімде ұйымдастыруға және бағалау бойынша есепті танысуы үшін пайда алушыға ұсынуға;
7) сақтандыру жағдайының басталу фактісін және сақтандырушының мөлшері өтеуге жататын зиянды растайтын құжаттар жеткіліксіз болған жағдайда , үш жұмыс күні ішінде оларды алған күннен бастап, бұл туралы өтініш берушіге толық тізбесін көрсете отырып, жетіспейтін және (немесе) дұрыс емес рәсімделген құжаттарды көрсету;
8) сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемін осы Келісімде белгіленген мөлшерде, тәртіппен және шарттарда жүргізуге;
9) Сақтандыру жағдайы бойынша шығындардың алдын алу немесе төмендету мақсатында Сақтандырылған (Сақтандырылған) шығындарын өтеуге;
10) сақтандыру төлемін бір жұмыс күні ішінде жүргізу кезінде Сақтандырылушыға автокөлік иелерінің азаматтық жауапкерін міндетті сақтандыруды тоқтату туралы хабарлауға;
11) Сақтанушыдан (жәбірленушіден, пайда алушыдан) Сақтандырылушының (жәбірленуші, бенефициар) талаптарын қарауға және бес жұмыс күні ішінде дауларды шешудің бұдан әрі тәртібін көрсете отырып, жазбаша жауап беруге;
12) Сақтандыру омбудсманына жіберілген өтініште Сақтанушының (жәбірленушінің, пайда алушының) өтінішін алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде осы өтінішті, сондай-ақ оған қоса берілген құжаттарды сақтандыру омбудсманына жіберуге;
13) сақтандыру құпиясын қамтамасыз ету;

3.3. Сақтанушы құқылы:
1) Сақтандырушыға сақтандыру Бас полисін, осы Келісім бойынша оның құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;
2) сақтандырушының сақтандырушымен жасалған көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру Бас полисі туралы мәліметтердің деректер базасында бар екендігі туралы мәліметтерді деректер базасында қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымнан сұрауға, оның міндеттері бұл туралы мәліметтердің деректер базасына енгізуді қамтиды. Бұл құқықты сақтандырылған да қолданылады;
3) Сақтандырушы келтірілген зиянның мөлшерін бағалауының және сақтандыру төлемінің мөлшерін есептеуінің нәтижелерімен танысуға;
4) осы Бас полистен туындайтын мәселелерді шешу үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында берілген ерекшеліктерді ескере отырып, сақтандырушыға, сақтандыру омбудсманына немесе сотқа жүгінуге;
5) өтінішті және оған қоса берілген құжаттарды сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, оның ішінде Интернет-ресурс немесе сақтандырушы, оның филиалы, өкілдігі арқылы) жіберуге;
6) осы Бас полисте қарастырылған жағдайларда, сақтандыру төлемін алуға.

3.4. Сақтанушы міндетті:
1) осы Бас полисті жасасу, сақтандыру полисін ресімдеу кезінде Сақтандырушыға өтінішке кіргізуге қажетті өзі, сақтандыру полисіне кіргізілген әрбір Сақтандырылған, көлік құралы (құралдары), қосарлы сақтандыру, көлік құралын маусымдық пайдалану, Қазақстан Республикасының аумағына уақытша кіру және сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін Заңда қарастырылған тәртіпте азайту құқы туралы мәліметтерді және өтініште көрсетілген мәліметтерді растайтын құжаттардың көшірмелерін беруге;
2) сақтандыру төлемдерін осы Бас полисте белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімдерде төлеуге;
3) сақтандыру жағдайы болғаны туралы оған белгілі болған соң, Сақтандырушыға ол туралы 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей қол жетерлік тәсілмен (ауызша, жазбаша) хабарлауға. Ауызша хабар кейін (72 (жетпіс екі) сағаттың ішінде) жазбаша расталуы тиіс. Сақтанушы мен Сақтандырылған бір тұлға емес болған жағдайларда, Сақтандырушыға сақтандыру жағдайы болғаны туралы хабарлау міндетті Сақтандырылғанға жүктеледі. Егер Сақтанушының (Сақтандырылғанның) сақтандыру жағдайы болғаны туралы хабарлауға дәлелді себептермен мүмкіндігі болмаса, ол оны құжаттармен растауы тиіс;
4) көліктік оқиға жасаған кезде зардап шеккен тұлғаларға және жол полициясының қызметкерлеріне олардың талап етуі бойынша Сақтандырушының аталымын және орналасқан жерін хабарлауға;
5) көліктік оқиға жасаған кезде, болуы мүмкін залалдарды болдырмау немесе азайту үшін қалыптасқан жағдайда саналы және қол жетерлік шараларды, оның ішінде мүлікті құтқару және зардап шеккендерге көмек көрсету шараларын қабылдауға;
6) тиісті органдарға және ұйымдарға олардың құзыретіне қарай (ішкі істер органдарының жол полициясы бөлімшесіне, өртке қарсы қызмет органдарына, жедел медициналық жәрдем қызметіне, апаттық қызметтерге) көліктік оқиға және зардап шеккендер туралы хабарлауға;
7) көліктік оқиға болған соң іле-шала, бірақ уәкілетті лауазымды тұлғадан жазбаша жолдама алған сәттен 2 (екі) сағаттан кешіктірмей психикалық белсенді заттарды пайдаланғанын және мас екендігін анықтау үшін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес медициналық куәландырудан өтуге;
8) зардап шеккен тұлғаға сақтандыру жағдайы болғаны туралы іле-шала, бірақ Сақтандырушыға хабарлаған күннен 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей хабар беруге;
9) сақтандыру жағдайының болғаны үшін жауапты тұлғаға кері талап қою құқының Сақтандырушыға өтуін қамтамасыз етуге;
10) егер бұл өзгерістер сақтандыру Бас полистің мерзімі ішінде сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына айтарлықтай әсер етуі мүмкін болса, Сақтанушыға Бас полисті жасау кезінде хабарландырылған жағдайларға оған белгілі болған елеулі өзгерістер туралы дереу хабарлауға міндетті.
3.4.1. Сақтанушының осы тармақтың 4), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген міндеттері көліктік оқиға болған кезде көлік құралын тікелей басқарған тұлғаға жүктеледі.

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

3.5. Зардап шекен тұлға құқылы:
1) нәтижесінде оған Сақтанушы (Сақтандырылған) зиян келтірген көліктік оқиға туралы Сақтандырушыға хабарлауға;
2) сақтандыру төлемін төлеуге қажетті құжаттарды Сақтанушының (Сақтандырылғанның) орнына жинауға және оларды Сақтандырушыға ұсынуға;
3) денсаулығына және/немесе мүлігіне келтірілген зиянның мөлшерін бағалау үшін тәуелсіз сарапшының қызметін пайдалануға;
4) кез-келген медициналық мекеменің қызметін пайдалануға;
5) сақтандырушы жасаған келтірілген зиян мөлшерін және сақтандыру төлемін анықтама нәтижелерімен танысуға;
6) көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру Бас полисінің негізінде зардап шеккен тұлғаның өміріне, денсаулығына және/немесе мүлігіне зиян келуіне кінәлі тұлғаның Сақтандырушысынан аталған тұлғаның Заңның 17 бабының 5-1) тармақшасында қарастырылған тәртіпте сақтандыру полисінің бар екендігін (Сақтанушының тегі, аты, бар болса әкесінің аты, (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса) көлік құралын тіркеудің мемлекеттік нөмірі, нөмірі және берілген күні) растауын жазбаша түрде өтінуге;
7) сақтандыру жағдайының болғанын растайтын құжаттар бар болған кезде, деректер қорын қалыптастыру және жүргізу бойынша ұйымнан зардап шеккен тұлғаның өміріне, денсаулығына және/немесе денсаулығына зиян келтірілуіне кінәлі тұлғаның (Сақтанушының тегі, аты, бар болса әкесінің аты, көлік құралын тіркеудің мемлекеттік нөмірі, нөмірі және берілген күні) сақтандыру полисі бар не жоқ екендігі туралы ақпаратты беруін өтінуге;
8) сақтандыру төлемін осы Бас полисте белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімдерде алуға;
9) осы Бас полистен туындайтын мәселелерді шешу үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе сақтандыру омбудсманына немесе сотқа берілген ерекшеліктерді ескере отырып, сақтандырушыға өтініш жасауға;
10) өтінішті және оған қоса берілген құжаттарды сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, оның интернет-ресурсы арқылы немесе оның филиалын, өкілеттігін қоса алғанда) сақтандырушы арқылы жібереді;
11) 11) көлік құралының иесіне келтірілген сақтандыру төлемінің мөлшерінен келтірілген зиян мөлшерінен асатын мөлшерде келтірілген зиянды өтеу туралы талап қоюға құқылы.
3.5.1. Осы тармақтың1) тармақшасында қарастырылған жағдайларда, зардап шеккен тұлғаның осы бапта белгіленген құқықтары пайда алушы ретіндегі өзге тұлғаларға өтеді.
3.6. Өміріне, денсаулығына зиян келтірілген зардап шеккен тұлғалар болмаған көліктік оқиға кезіндегі іс-әрекеттер
3.6.1. Көліктік оқиға кезінде өміріне, денсаулығына зиян келтірілген зардап шеккен тұлғалар болмаған жағдайда, ол көліктік оқиғаға қатысушылар мүмкіндік болса сақтандырушыларға болған көліктік оқиға туралы хабарлаулары тиіс.
3.6.2. Сақтандырушылар өз өкілдерін оқиға орнына жолдауға құқылы.
3.6.3. Көліктік оқиғаға қатысушылар болған оқиғаның жай-жапсарын және мүлікке келтірілген, жорамалданған мөлшері 50 АЕК аспауы тиіс зиянның мөлшерін бағалауды өзара келісімге келіп, оқиғаның сұлбасын өздері құрастыруға және оған қол қойып, оны ресімдеу үшін жақын маңдағы ішкі істер бөлімінің постына немесе бөлімшесіне келуге құқылы.
3.6.4. Көлік оқиғасының схемасын жасау тәртібі мен үлгі нысандары уәкілетті органмен келісім бойынша Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

4. Сақтандыру төлемін төлеу үшін қажетті құжаттар
4.1. Сақтандырушыға сақтандыру төлемі туралы талапты сақтанушы (сақтандырылушы) немесе пайда алушы болып табылатын өзге тұлға пайда алушының тұрғылықты жерін, байланыс телефондарын, банктік деректемелерін (қажет болғанда) көрсетіп, сақтандыру төлемін алу тәртібін - қолма-қол ақшамен не банктік шотқа аударым жасау арқылы сақтандыру төлемін жүзеге асыруға қажетті құжаттарды қоса тіркей отырып, жазбаша нысанда қояды.
Өтініш берушінің қалауы бойынша сақтандыру төлемі туралы талап сақтандыру төлемін жүзеге асыруға қажетті құжаттарды тіркей отырып электронды түрде, электронды көшірмелер немесе электронды құжаттар түрінде жіберілуі мүмкін. Бұл ретте электронды түрдегі сақтандыру төлемі туралы талап өтініш берушіні Сақтандырушыға оның орналасу жері бойынша құжаттардың түпнұсқасын ұсынудан босатпайды.
4.2. Сақтандырушы сақтандыру төлемі туралы шешім қабылдауы үшін Сақтанушы (Сақтандырылған) немесе пайда алушы Сақтандырушыға келесі құжаттар ұсынады:
1) Сақтандыру төлемі туралы өтініш.
2) азаматтық-құқықтық жауапкершілігі зардап шеккен тұлғаның өміріне, денсаулығына және/немесе мүлігіне зиян келтірудің салдарынын туындаған тұлғаның сақтандыру полисі (немесе оның телнұсқасы), сақтандыру полисі болмаған, не аталған сақтандыру полисі бойынша (сақтандырушының аталымы, сақтандыру полисінің нөмірі, берілген күні) немесе сақтанушы туралы (Сақтанушының тегі, аты, бар болса әкесінің аты, көлік құралын тіркеудің мемлекеттік нөмірі, мәліметтердің бірі болған жағдайда, сақтандыру полисінің көшірмесі;
3) сақтандыру жағдайының болғанын және зардап шеккендерге келтірілген зиянның мөлшерін растайтын құжат;
4) зардап шеккен тұлғаның өміріне, денсаулығына зиян келтірілген жағдайда, денсаулық сақтау ұйымы берген еңбекке уақытша жарамсыздықтың мерзімі туралы анықтаманың немесе зардап шеккен тұлғаға мүгедектік белгіленген жағдайда, маманданған мекемелердің мүгедектік белгілеу туралы анықтамасының көшірмесі;
5) зардап шеккен тұлға қайтыс болған жағдайда, зардап шеккен тұлғаның өлімі туралы куәліктің нотариус куәландырған көшірмесі;
6) пайда алушының зиянды өтетуге құқын растайтын құжат (көшірмесі);
7) Заңның 22-бабының 3-тармағында көзделген жағдайда залалдың мөлшерін анықтау туралы өтініш;
8) пайда алушының жеке куәлігінің көшірмесі (жеке тұлға үшін) немесе заңды тұлғаның өкіліне берілген санімхаттың түпнұсқасы;
9) егер олар бар болса, сақтандыру жағдайы болған кезде Сақтанушының (Сақтандырылғанның) залалды болдырмау немесе азайту мақсатымен жұмсаған шығындарын растайтын құжаттар.
4.3. Сақтандырушының сақтанушыдан (сақтандырылушыдан) не жәбірленушіден басқа қосымша құжаттарды талап етуіне жол берілмейді
4.4. Құжаттарды қабылдаған Сақтандырушы өтініш беруші ұсынған құжаттардың толық тізілімі және оларды қабылдаған күн көрсетілген анықтаманы екі данада жасауға міндетті. Егер сақтанушы (сақтандырылушы, пайда алушы) сақтандыру төлемін электронды түрде беру туралы өтініш берсе, сақтандырушы бұл сертификатты электронды түрде сақтандырушыға бере алады.Сақтандырушыға өтініш берушінің жеке шағымдары болған жағдайда, куәліктің бір данасы өтініш берушіге берілсе, екінші данасы өтінішті оның қолы қойылғанда сақтандырушыда қалады.

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

5. Сақтандыру төлемін төлеудің тәртібі және шарттары

5.1. Сақтандыру төлемінің мөлшері және зардап шеккен тұлғаға келтірілген зиянның мөлшерін анықтау тәртібі

5.1.1. Бір сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемі (Қазақстан Республикасының заңнамалық актімен сақтандыру төлемін төлеу күніне белгіленген айлық есептік көрсеткіштің мөлшерінде (АЕК)), әрбір зардап шеккен тұлғаның өмірі мен денсаулығына келтірілген және келесі жағдайларға алып келген зиян үшін:

1)қайтыс болған кезде – 2000;

2) мүгедектік белгіленген кезде: I топ – 1600; II топ – 1200; III топ – 500, сәбиге мүгедектік белгіленсе – 1000 ;

3) зақым, жарақат немесе денсаулыққа мүгедектік белгіленбей келтірілген өзге зиян – амбулаторлық және/немесе стационарлық емделуге іс жүзінде жұмсалған шығындардың мөлшерінде, бірақ 300 АЕК артық емес.

5.1.2. Жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына, қайтыс болуына немесе мүгедектікке ұшырауына әкеп соқтырған зияны Үшін сақтандыру төлемі осы Қағиданың 5.1-тармақтың 5.1.1-тармағымен белгіленген сақтандырушының жауапкершілігі түпкілікті мөлшерде жүзеге асырылады.

5.1.3. Жәбірленуші қайтыс болған жағдайда Сақтандырушы жәбірленушіні жерлеген адамға жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде жерлеу шығындарын өтейді

5.2. Зардап шеккен тұлғаның мүлігіне келтірілген зиян үшін сақтандыру төлемінің мөлшері

5.2.1. Әрбір зардап шеккен тұлғаның мүлігіне келтірілген зиян үшін бір сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемі (Қазақстан Республикасының заңнамалық актімен сақтандыру төлемін төлеу күніне белгіленген айлық есептік көрсеткіштің мөлшерінде (АЕК):

1) бір зардап шеккен тұлғаның мүлігіне келтірілген зиян үшін – келтірілген зиянның мөлшерінде, бірақ 600 АЕК артық емес;

2) бір мезгілде екі немесе одан көп зардап шеккен тұлғаның мүлігіне келтірілген зиян үшін – келтірілген зиянның мөлшерінде, бірақ әрбір зардап шеккен тұлғаға 600 АЕК артық емес. Ол кезде барлық зардап шеккен тұлғаларға төленетін сақтандыру төлемінің жалпы мөлшері 2000 АЕК аспауы тиіс. Зиянның мөлшері Сақтандырушының жауапкершілігінің шекті көлемінен артық болған жағдайда, сақтандыру төлемі әрбір зардап шеккен тұлғаға оның мүлігіне келтірілген зиянға мөлшерлес төленеді.

5.3. Сақтандыру жағдайын және келтірілген зиянның мөлшерін айқындау:

5.3.1. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру Бас полисінде көрсетілген, сақтандырылған көлік құралын пайдалануы нәтижесінде жәбірленуші деп танылған адамдардың оміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды өтеу бойынша сақтандырылушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігін басталу фактісі сақтандыру жағдайы деп танылады.

5.3.2. Жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянның мөлшері тиісті ұйымдар берген құжаттар негізінде Заңға сәйкес айқындалады.

5.3.3. Мүлікке келтірілген зиянның мөлшерін бағалауды сақтандырушы он жумыс күні ішінде уәкілетті органның нормативтік-құқықтық актісінде белгіленген нысан бойынша, зиян мөлшерін айқындау туралы өтініштің негізінде жүргізеді.

Көлік құралына келтірілген зиянның мөлшерін айқындауды сақтандырушы уәкілетті органның нормативтік-құқықтық актісіне сәйкес жүзеге асырады.

Мулкіне зиян келтірілген пайда алушы өзі немесе сақтандырушы (сақтандырылушы) сақтандырушыға зиян мөлшерін айқындау туралы өтініш бергенге дейін, сондай-ақ аталған өтінішті берген куннен бастап он жұмыс күні ішінде көлік оқиғасынын қандай жай-күйде болса, сол жай-күйде осы мулікті сақтап, сақтандырушының бүлінген мүлікті қарап-тексерүіне мүмкіндікжасауға міндетті.

5.3.4. Сақтандырушы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік-құқықтық актісіне сәйкес айқындалған зиян мөлшерінде сақтандыру төлемін жасауға міндетті.

5.3.5. Сақтандырушы сақтандыру төлемінен пайда алушыға зиян мөлшерін анықтауға байланысты өзінің жеке шығындарын төлеуден бас тартуға құқылы емес.

5.3.6. Сақтандыру оқиғасын қасақана жасау, сондай-ақ сақтандыру төлемін заңсыз алуға бағытталған өзге де алаяқтық әрекеттер Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне сәйкес жауаптылыққа алып келеді.

5.4. Пайда алушы

5.4.1. Жәбірленуші (ол қайтыс болған жағдайда - жәбірленушінің қайтыс болуына байланысты Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес зиянды өтеттіруге құқылы адам), сондай-ақ сақтанушы (сақтандырылушы) немесе жәбірленушіге (зиянды өтеттіруге құқылы адамға) келтірілген зиянды осы Заңда белгіленген сақтандырушы жауапкершілігінің көлемі шегінде өтеуші және сақтандыру төлеміне құқық алған өзге де тұлға пайда алушы болып табылады.

5.4.2. Мүлікке зиян келтірілген жағдайда осы мүліктің меншік иесі, ал ол қайтыс болған жағдайда зиянды өтеттіруге құқығы бар адамдар жәбірленуші болып танылады.

5.4.3. Жәбірленушінің жазбаша ресімделген өтініші немесе нотариат куәландырған сенімхаты бойынша сақтандыру төлемі тікелей оның денсаулығын және (немесе) мүлкін қалпына келтіру жөнінде қызмет көрсеткен (көрсетуші) тұлғаға жүзеге асырылуы мүмкін.

5.5. Сақтандыру төлемін төлеу тәртібі

5.5.1. Сақтандырушы Сақтандыру төлемін сақтандыру төлемін оны жасау үшін осы Бас полисте қарастырылған, қажетті құжаттарды алған күннен 15 (он бес) жұмыс күнінің ішінде жасайды. Сақтандыру төлемі теңгемен төленеді.

5.5.2. Бірнеше жәбірленушінің мүлкіне зиян келтірілген жағдайда, сақтандырушы барлық жәбірленушілердің құжаттарын алған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде, бірақ басқа сақтандырылғандардың құжаттарды беруіне қарамастан, сақтандырушыға бірінші болып құжаттарын берген жәбірленушіден құжаттар алған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күннен кешіктірмей сақтандыру төлемін бастауға міндетті.

5.5.3. Егер сақтандыру жағдайының басталуына әкеп соққан оқиғаның нәтижесінде жәбірленушінің денсаулығы нашарлап кетсе (мүгедектік не мүгедектіктің неғұрлым жоғары тобы белгіленсе) не қайтыс болса, онда сақтандырушы жәбірленушіден (пайда алушыдан) келіп түскен өтініштің және тиісті құжаттардың негізінде, сақтандыру төлемінің сомасына осы Заңда белгіленген тәртіппен және мөлшерде қайта есептеу жүргізуге міндетті. Бұл ретте сақтандыру төлемінің сомасын қайта есептеу кезінде бұрын төленген сомалар есепке алынады.

5.5.4. Сақтандыру төлемі уақтылы жүзеге асырылмаған кезде сақтандырушы пайда алушыға Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 353-бабында белгіленген тәртіппен және мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.

5.5.5. Сақтандырушы жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына зиян келтіру фактісі болмаған жағдайда ішкі істер органдары берген оқиға туралы схемамен жол қозғалысы ережелерін бұзу туралы хаттаманың негізінде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға құқылы.

5.6. Тікелей реттеу

5.6.1. Сақтандыру жағдайы басталған кезде, жәбірленуші немесе жәбірленушінің қайтыс болуына байланысты Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес зиянды өтетуге құқығы бар адам кінәсінен сақтандыру жағдайы туындаған адамда сақтандыру полисі болған жағдайда, келтірілген зиянның өтемін алу үшін жәбірленуші көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру Бас полисін жасасқан Бас полис бойынша жәбірленушінің жауапкершілігін сақтандырған азаматтық-құқықтық жауапкершілікті міндетті сақтандыру бойынша сақтандырушысына өтініш жасайды. Зиян келтірілген мүліктің меншік иесі болып табылмайтын жәбірленуші Заңда көзделген тәртіппен кінәсінен сақтандыру жағдайы туындаған адамның сақтандырушысына өтініш жасайды.

5.6.2. Сақтандырушы осы Бас полистің 4.2.-тармағының 2), 3), 4), 5), 6) и 8) тармақшаларында көзделген құжаттарды алған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде келтірілген зиянды өтейді.

Тікелей реттеу шеңберінде сақтандырушы жүзеге асыратын жәбірленушінің өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды өтеу ол үшін жәбірленушімен жасасқан көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру Бас полисі және сақтандыру төлемі бойынша міндеттемелердің орындауы болып табылмайды.

5.6.3. Кінәсінен сақтандыру жағдайы туындаған адамның сақтандыру компаниясы сақтандыру жағдайын реттеген сақтандырушыға нақты төленген сомасын өтеп береді.

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

6.1. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған сақтандырушы сақтанушыға (сақтандырылушыға) төленген сома шегінде мынадай жағдайларда, егер:
1) сақтанушының (сақтандырылушының) азаматтық-құқықтық жауапкершілігі оның, қажетті қорғану және аса қажеттілік жағдайында жасалған іс-әрекеттерін қоспағанда, сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оның басталуына септігін тигізетін қасақана іс-әрекеттері салдарынан басталса;
2) сақтанушының (сақтандырылушының) азаматтық-құқықтық жауапкершілігі оның көлік құралын алкогольге, есірткіге немесе уытқұмарлыққа мас болып жүргізуі салдарынан басталса;
3) көлік құралын жүргізуші адамның көлік оқиғасы жасалған кезде оны жүргізуге құқығы болмаса;
4) соттың істі талқылауы барысында сақтандыру жағдайы көлік құралының техникалық ақауы салдарынан болғаны, олар туралы сақтанушының (сақтандырылушының) білгені немесе білуге тиісті екені анықталса;
5) көлік құралы оның техникалық сипатына сай емес мақсаттарға пайдаланылса;
6) сақтанушы (сақтандырылушы) сақтандыру жағдайынан болатын шығындарды азайту жөніндегі шараларды қасақана қолданбаса;
7) көлік құралын жүргізуші адам көлік оқиғасы болған жерден қашып кетсе;
8) көлік құралын жүргізген және психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтыну фактісін және мас күйін анықтау үшін медициналық куәландыруға жіберілген тұлға дәлелсіз себептермен мұндай куәландырудан өтпесе, кері талап қоюға құқылы.
6.2. Егер 6.1.- тармағында тізіп көрсетілген жағдайларда келтірілген зиянға көлік құралын оның иесімен еңбек қатынасына орай немесе мәміленің жазбаша нысанын ресімдемей оның иесінің қатысуымен пайдаланған тұлға кінәлі болып табылса, онда сақтандырушының осы көлік құралының иесіне кері талап қоюға құқығы бар.
6.3. Сақтанушының (сақтандырылушының) сақтандырушы сақтандыру нәтижесінде өтеген шығындар үшін жауапты адамға кері талап қою құқығы сақтандыру төлемін жүзеге асырған сақтандырушыға ол төлеген сома шегінде ауысады. Бұл ретте, егер сақтандыру жағдайы автомобиль жолдарының және олардың бойындағы ғимараттардың қанағаттанғысыз күтімінен туындаған жол жағдайы себептерінен болғаны анықталса, көлік құралы иесінің осындай жағдайлар жасауға кінәлі тұлғаға талап қою құқығы сақтандыру төлемін жүзеге асырған сақтандырушыға ауысады.

7. Сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту
7.1. Сақтандырушы, егер сақтандыру жағдайы:
1) қажетті қорғану және аса қажеттілік жағдайда жасалған іс-әрекеттерді қоспағанда, пайда алушының сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оның басталуына септігін тигізетін қасақана іс-әрекеттері;
2) пайда алушының Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себептік байланыстағы қасақана қылмыстар немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған іс-әрекеттері салдарынан болса, сақтандыру төлемін толық немесе ішінара төлеуден бас тартуға құқылы.
7.2. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуы үшін сондай-ақ:
1) пайда алушының шығынның тиісті өтемін шығын келтіруге кінәлі тұлғадан алуы;
2) сақтанушының (сақтандырылушының) көлік құралын жарыстарда, сынақтарда немесе жүргізуді үйретуге арнайы лайықталған орындарда оқыту кезінде пайдалануы;
3) көлік құралын тиеу немесе түсіру кезінде зиян келтіру;
4) жәбірленушінің мүлкіне ақша, бағалы қағаздар, алтын, күмістен жасалған бұйымдар, құнды заттар, әсемдік бұйымдар, өнер туындылары немесе басқа да құндылықтар түрінде зиян келтіру;
5) жәбірленушінің осы Бас полистің 3.4. тармағының 3)- тармақшаларында үшінші бөлігінің талаптарын бұзуы негіз болуы мүмкін
7.3. Сақтандырушы, егер сақтандыру жағдайы:
1) ядролық жарылыстың, радиацияның немесе радиоактивтік улану әсерінің;
2) соғыс қимылдарының;
3) азамат соғысының, түрлі сипаттағы халық толқуларының, жаппай тәртіпсіздіктердің немесе ереуілдердің салдарынан басталса, сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады.
7.4. Мүліктің тауарлық құнын жоғалтуды қоса, моральдық зиян, зардап шеккен тұлғаның қапы жіберген пайдасы, сондай-ақ оның тауарларды жеткізу немесе жұмыстарды жүргізу (қызметтер көрсету) мерзімдерін, келісім-шарттар (Бас полистер) бойынша өзге де міндеттемелерін бұзумен байланысты тұрақсыздық төлемдері өтелмейді.
7.5. Сақтандыру полисінде көрсетілген бүлінген көлік құралы үшін сақтандыру төлемі төленбейді.
7.6. Сақтандыру төлемін жасаудан бас тартуға негіздер бар болған кезде, өтінішті және осы Бас полистің 4.1. тармағында қарастырылған барлық құжаттарды алған күннен 7 (жеті) жұмыс күнінің ішінде Сақтандырушы сақтандыру төлемін төлеуден толық немесе ішінара бас тарту туралы тиісті шешімін бас тартудың дәлелді негіздерін көрсетіп, сақтандыру төлемі туралы талап қойған тұлғаға жазбаша түрде жолдауға міндетті.

8. Бас полисті (сақтандыру полисін) өзгерту
8.1. Сақтандыру полисіне өзгертулер және толықтырулар енгізілмейді.

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

9. Бас полисті (сақтандыру полисін) тоқтату
Бас полисті (сақтандыру полисін) тоқтату жағдайлары:
9.1. Сақтандырудың Бас полисі тоқтаған болып есептеледі:
1) Сақтандырудың Бас полисінің қолданылу мерзімі бітсе;
2) Сақтандырудың Бас полисінің мерзімінен бұрын тоқтаса;
9.2. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты сақтандыру төлемі жүзеге асырылған кезде өз әрекетін тоқтатпайды..
Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырған кезде бұл туралы бір жұмыс күні ішінде деректер базасын қалыптастыру және жүргізу ұйымына ақпарат береді.
9.3. Сақтандырудың Бас полисі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтаты.
9.4. Бас полисті мерзімінен бұрын тоқтату үшін сақтанушы (сақтанушы қайтыс болған жағдайда - оның мұрагері (мұрагерлері) сақтандырушыға жазбаша өтініш береді.
9.5. Бас полисті мерзімінен бұрын тоқтату және осы сақтандырушымен жаңадан көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру Бас полисін жасасу кезінде сақтанушының мына формула бойынша есептелген сақтандыру сыйлықақысының бөлігін қайтарып алуға құқығы бар:
ССБ = СС*n / N, мұнда:
ССБ - сақтандырушы ұстап қалатын сақтандыру сыйлықақысының мөлшері (теңгемен);
СС - көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру Бас полисі бойынша төленген сақтандыру сыйлықақысының мөлшері (теңгемен);
n - көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру Бас полисі күшіне енген кезден бастап өтініш берілген күнді қоса алғанда, оны мерзімінен бұрын тоқтатқан кезге дейінгі мерзім (күнмен);
N - көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру Бас полисінің жасалған мерзімі (күнмен).
9.6. Осы баптың 9.5. - тармағында көзделген талаптар сақталмаған кезде, сақтанушының көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру Бас полисі мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін мынадай мөлшерде қайтарып алуға құқығы бар:

№ р/б	Осы Бас полис күшіне кірген сәттен ол мерзімінен бұрын тоқтатылған сәтке дейін өткен мерзім	Сақтандыру сыйлықақысының Сақтандырушы ұстап қалатын мөлшері (жылдық сақтандыру сыйлықақысының пайызы)
1	15 күнге дейін	15
2	16 күннен 1 айға дейін	20
3	1 айдан 2 айға дейін	30
4	2айдан 3 айға дейін	40
5	3айдан 4 айға дейін	50
6	4айдан 5 айға дейін	60
7	5айдан 6 айға дейін	70
8	6айдан 7 айға дейін	75
9	7айдан 8 айға дейін	80
10	8айдан 9 айға дейін	85
11	9айдан 10 айға дейін	90
12	10айдан 11 айға дейін	95
13	11 айдан жоғары	100

10. Тараптардың жауапкершілігі
10.1. Қазақстан Республикасының көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы заңдарын бұзуға кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылықта болады.

11.Дауларды шешу тәртібі
11.1. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру Бас полисі бойынша дау туындаған жағдайда, Сақтанушының (жәбірленушінің, пайда алушының) келесі құқықтары бар:
1) Осы Бас полистен туындайтын немесе онымен байланысты кез-келген даулар және/немесе келіспеушіліктер келіс сөздер арқылы шешілуі тиіс. Тараптар уағдаластыққа келе алмаған жағдайда, даулар және/немесе келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында қарастырылған тәртіпте реттелуі тиіс.
2) өтінішті сақтандыру омбудсманына (сақтандыру омбудсменге тікелей оның ішінде (оның интернет-ресурсы арқылы немесе Сақтандырушы, оның ішінде оның филиалы, өкілдігі арқылы) немесе көлік құралдары иелерінің міндетті сақтандыру Бас полисінен туындайтын дауларды сотқа реттеу үшін жіберу.
11.2 Сақтандырушы сақтанушының (жәбірленушінің, пайда алушының) өтінішін бес жұмыс күні ішінде алғаннан кейін дауды реттеудің бұдан арғы тәртібін көрсететін жазбаша жауап береді және қарастырады.
11.3. Егер Сақтандырушы (жәбірленуші, алушы) сақтандыру омбудсманына жүгінетін болса, сақтандырушы жәбірленуші тарап (алушы) және сақтандыру омбудсманы туралы өтініш бойынша дауды қарауға және шешуге байланысты құжаттарды сұратылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде беруге тиіс.

12.Қосымша талаптар

12.1. Осы Бас полисте белгіленбеген мәселелердің барлығы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес реттеледі.

СТРАХОВЩИК: / САҚТАНДЫРУШЫ:

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

АО «СК «НОМАД Иншуранс» / «НОМАД Иншуранс» СК АҚ

Должность/Лауазымы Директор

АО «СК «НОМАД Иншуранс» в г./ «НОМАД Иншуранс» СК»

АҚ Семей қ.

Ф.И.О. / Т.А.Ә. Искаков С.Л.

Действует на основании Положения о филиале и

доверенности № 353 от 17.12.2024г.

Филиал жөніндегі ереже мен «17 »12.2024ж.№ 353

сенімхат негізінде әрекет етеді

Подпись/ Қолы _____М.П./ М.О

Принял Генеральный полис представитель Страховщика:

Бас полисті Сақтандырушының өкілі қабылдады:

Если физическое лицо: / Егер жеке тұлға болса

-Ф.И.О. / Т.А.Ә.: Бакирова Д.

-ИИН/ЖСН 571119401963 -Номер телефона/ телефон нөмірі 87023675548

«02» июля 2025 г. ./ «02» шілде 2025ж.

Подпись/ Қолы _____

2025-07-02 16:36:16
Омаров Кайрат Кайдарович
"Абай облысы Семей қаласының қиын өмірлік жағдайға тап болған тұлғаларды қайта әлеуметтендіруге арналған орталық" коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Коммунальное государственное учреждение "Центр для ресоциализации лиц, оказавшихся в трудной жизненной ситуации города Семей области Абай"

2025-07-03 09:57:12
Маратова Жібек Ерланқызы
"Номад Иншуранс" сақтандыру компаниясы" акционерлік қоғамы

Акционерное общество "Страховая компания "Номад Иншуранс"

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

1-қосымша

Сатып алынатын тауарлар (көрсетілетін қызметтер, жұмыстардың) тізімі

Электрондық конкурстың №:
Электрондық конкурстың атауы: Решение о проведении государственных закупок

Лоттың №	Тапсырыс беруші атауы	Атауы	Қысқа сипаттама	Қосымша сипаттама	Өлшем бірлік	Саны, көлемі	Бірлік бағасы, тенге	Тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Шарт бойынша тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Жеткізу орндар	Аванс төлемінің мөлшері %, %	Жалпы сома, тенге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
013-015-123 : Міндетті сақтандыру жарналары												
	"Абай облысы Семей қаласының қиын өмірлік жағдайға тап болған тұлғаларды қайта әлеуметтендіруге арналған орталық" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Автомобиль көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша қызмет көрсетулер	Автомобиль көлігі иелерін азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша қызметтер	Автокөлік қызметтері бойынша сақтандыру бойынша қызметтер (Газель)	Бір қызмет	1	25 780.00	шартқа қол қойылғаннан кейін 15 күн ішінде	шартқа қол қойылғаннан кейін 15 күн ішінде	Абай облысы, Семей қ. ул. Сеченова 5 (1)	0	25 780.00

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

Договор о государственных закупках услуг

область Абай №94

1. Общие положения

1.1. **Предмет Генеральный полис а.** Страховщик и Страхователь, далее совместно именуемые «Стороны», а по отдельности – как указано выше или «Сторона», заключили в соответствии с Законом Республики Казахстан от 1 июля 2003 года № 446-II «Об обязательном страховании гражданско-правовой ответственности владельцев транспортных средств» (далее - Закон), Правилами обязательного страхования гражданско-правовой ответственности владельцев транспортных средств (далее – «Правила страхования») и настоящий Генеральный полис (далее – «Генеральный полис »), предметом которого является обязательное страхование гражданско-правовой ответственности владельцев транспортных средств.

1.2. По настоящему Генеральный полис у считается застрахованной гражданско-правовая ответственность Страхователя (Застрахованного), возникшая в результате причинения вреда третьим лицам самим Страхователем (Застрахованным) либо в случае:

1) управления транспортным средством лицом, имеющим право на его управление в присутствии Страхователя (Застрахованного);

2) управления транспортным средством лицом на основании трудового или иного Генерального полиса со Страхователем (Застрахованным), оформленного в письменной форме;

3) управления транспортным средством лицом, противоправно завладевшим транспортным средством, если ответственность за причиненный вред возложена на Страхователя (Застрахованного).

1.3. На каждую единицу эксплуатируемого транспортного средства Страховщиком оформляются и выдаются Страхователю страховые полисы, которые являются неотъемлемой частью настоящего Генерального полиса.

1.4. Перечень и сведения о транспортных средствах, ответственность Страхователя (Застрахованного) при эксплуатации которых застрахована по настоящему Генеральный полис у, указаны в Приложении №1 к Генеральному полису, являющемся его неотъемлемой частью.

1.5. В настоящем Генеральном полисе используются следующие основные понятия:

1) **застрахованный** - лица, в отношении которых осуществляется страхование, а именно лица, указанные в страховых полисах, выданных в рамках настоящего Генеральный полис а на каждое транспортное средство, имеющие право управлять соответствующим транспортным средством;

